

"Қазақстан Республикасының ДЗМҰ-ның авторлық құқық жөніндегі шартына қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1339 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының ДЗМҰ-ның авторлық құқық жөніндегі шартына қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының ДЗМҰ-ның авторлық құқық жөніндегі шартына қосылуы туралы

Қазақстан Республикасы 1996 жылғы 20 желтоқсанда Женевада қабылданған ДЗМҰ-ның авторлық құқық жөніндегі шартына қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ДЗМҰ-ның авторлық құқық жөніндегі шарты

және

ДЗМҰ-ның авторлық құқық жөніндегі шартына қатысты келісілген мәлімдемелер

1996 жылғы 20 желтоқсандағы Дипломатиялық конференцияда қабылданды
Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы
Женева 2000

ДЗМҰ-ның авторлық құқық жөніндегі шарты

1996 жылғы 20 желтоқсанда дипломатиялық конференцияда қабылданды.

Кіріспе

У а ғ д а л а с у ш ы Т а р а п т а р ,

Авторлардың әдеби және көркем туындыларына құқықтарын қорғауды неғұрлым тиімді және бірыңғай жетілдіру және қолдау ниетімен,

Экономикалық, әлеуметтік, мәдени және техникалық дамумен байланысты туындайтын мәселелерді барабар шешуді қамтамасыз ету, мақсатында жаңа халықаралық ережелерді енгізудің және бірқатар маңызды ережелерді барынша нақты түсіндіру қажеттігін мойындай отырып,

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың дамуы мен жақындасуының әдеби және көркем туындыларды жасауға және пайдалануға терең әсер етерін мойындай отырып,

Авторлық-құқықтық қорғаудың әдеби және көркем шығармашылық үшін ынталандырушы ретіндегі зор маңыздылығын атап көрсете отырып, Берн конвенциясында аталғандай, авторлардың құқықтары мен дүйім жұртшылық мүдделерінің, атап айтқанда, білім беру, ғылыми зерттеулер және ақпаратқа қол жеткізу салаларында тепе-теңдігін сақтау қажеттігін мойындай отырып,

Төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Берн конвенциясына қатыстылығы

(1) Осы Шарт Берн конвенциясының 20-бабы тұрғысынан осы Конвенциямен құрылған Одақтың елдері болып табылатын Уағдаласушы Тараптарға қатысты әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы арнайы келісім болып табылады. Осы Шарт Берн конвенциясын қоспағанда, басқа шарттармен ешқандай байланысты емес және кез келген басқа шарттар бойынша қандай да бір құқықтар мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

(2) Осы Шартта ешнәрсе де Уағдаласушы Тараптардың Әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы Берн конвенциясы бойынша бір-біріне қатысты қолданылып жүрген міндеттемелерінің құнын түсірмейді.

(3) Бұдан әрі "Берн конвенциясы" Әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы Берн конвенциясының 1971 жылғы 24 шілдедегі Париж актісін білдіреді.

(4) Уағдаласушы тараптар 1-21-баптарды және Берн конвенциясының Қосымша тарауын сақтайды.

2-бап

Авторлық-құқықтық қорғау аясы

(1) Авторлық-құқықтық қорғау сонысына қарай, идеялардың, процестердің, жұмыс істеу әдістерінің немесе математикалық тұжырымдамалардың өздеріне қатысты емес, оларды білдіру түріне қатысты қолданылады.

3-бап

Берн конвенциясының 2-6-баптарын қолдану

(1) Уағдаласушы Тараптар тиісті өзгерістерді ескере отырып, осы Шартта көзделген қорғауға қатысты Берн конвенциясының 2-6-баптарының ережелерін қолданады.

4-бап

Компьютерлік бағдарламалар

(1) Компьютерлік бағдарламалар Берн конвенциясының 2-бабының мағынасында әдеби туындылар ретінде қорғалады. Мұндай қорғау компьютерлік бағдарламаларға қатысты, олардың білдіру тәсіліне немесе түріне қарамастан қолданылады.

5-бап

Деректердің (дерекқорлардың) компиляциялары

(1) Деректердің немесе кез келген нысандағы басқа да ақпараттың компиляциялары, іріктеп алынуы мен мазмұнының орналасуы бойынша зияткерлік шығармашылықтың нәтижесін білдіреді, осындай тұрғыда қорғалады. Мұндай қорғау тікелей деректердің өздеріне немесе ақпаратқа қатысты қолданылмайды және компиляцияда қамтылған деректердің немесе ақпараттың тікелей өздеріне жататын қандай да болмасын авторлық құқыққа әсерін тигізбейді.

6-бап

Тарату құқығы

(1) Әдеби және көркем туындылардың авторлары меншік құқығын сату немесе өзгеше беру жолымен өз туындыларының түпнұсқасы мен даналарын жалпы жұрттың назарына жеткізуге рұқсат беруге айрықша құқығын пайдаланады.

(2) Осы Шартта ешнәрсе де туындының түпнұсқасына немесе данасына меншік құқығы автордың рұқсатымен бастапқы сатылғанынан немесе өзгеше де берілуінен кейін Уағдаласушы Тараптардың (1)-тармақта ескерілген құқықтың түгесілуін қолдану шарттарын белгілеу немесе белгілемей еркіне әсер етпейді.

7-бап

Жалға беру құқығы

- (1)
- (i) Компьютерлік бағдарламалардың;
 - (ii) кинематографиялық туындылардың және,

(iii) фонограммаларда орындалған туындылардың авторлары, Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңнамаларында белгіленгендей өз туындыларының түпнұсқалары мен даналарын жұртшылық үшін коммерциялық жалға беруге рұқсат етудің айрықша құқығын пайдаланады.

(2) (1) - т а р м а қ :

(i) компьютерлік бағдарламаларға қатысты, егер бағдарламаның өзі жалға берудің негізгі объектісі болып табылмайтын болса, және

(ii) кинематографиялық туындыларға қатысты, егер тек мұндай коммерциялық жалға беру мұндай туындыларды қайта жасаудың айрықша құқығына елеулі нұқсан келтіретін кеңінен көшірмелеуге әкеп соқтырмаса, қолданылмайды.

(3)(1)-тармақтың ережелеріне қарамастан, өздерінде 1994 жылғы 15 сәуірдегі авторларға, олардың туындыларының фонограммаларда орындалған даналары жалға берілгені үшін әділ сыйақы беру жүйесі қолданылған және қолданылып келе жатқан Уағдаласушы Тарап, бұл жүйені фонограммаларда орындалған туындыларының коммерциялық жалға берілуі авторлардың қайта жасауға арналған айрықша құқығына елеулі нұқсан келтірмейтін жағдайда сақтап қалуы мүмкін.

8-бап

Жалпы жұрттың назарына хабарлау құқығы

Әдеби және көркем туындылардың авторлары Берн конвенциясының 11(1)(ii), 11bis(1)(i) және (ii), 11ter(1)(ii), 14(1)(ii) және 14bis(1)-баптарының ережелеріне нұқсан келтірместен, өздерінің туындыларын желілер бойынша немесе сымсыз байланыс құралдары арқылы өздерінің туындыларын жалпы жұрттың назарына хабарлауды қоса алғанда көпшілік өкілдері мұндай туындыларға өздерінің қалауы бойынша, кез келген жерден және кез келген уақытта қол жеткізуді жүзеге асыра алатындай түрде, кез келген жариялауға рұқсат беруге айрықша құқығын пайдаланады.

9-бап

Фотосурет туындыларын қорғаудың ұзақтығы

Уағдаласушы Тараптар фотосурет туындыларына қатысты Берн конвенциясының 7(4)-бабының ережелерін қолданбайды.

10-бап

Шектеулер мен айрықшалықтар

(1) Уағдаласушы Тараптар, туындыны қалыпты пайдалануға нұқсан келтірмейтін және автордың заңды мүдделеріне негізсіз шек қоймайтын белгілі бір ерекше жағдайларда, өздерінің ұлттық заңнамасында әдеби және көркем туындылардың

авторларына осы Шарт бойынша берілген құқықтарын шектеуді немесе айрықшалықтарды қарастыра алады.

(2) Берн конвенциясын қолдану кезінде, Уағдаласушы Тараптар, туындыны қалыпты пайдалануға нұқсан келтірмейтін және автордың заңды мүдделеріне негізсіз шек қоймайтын белгілі бір ерекше жағдайларда, онда көзделген құқықтарды қандай да бір шектеуді немесе айрықшалықтарды белгілейді.

11-бап

Техникалық шараларға қатысты міндеттемелер

Уағдаласушы Тараптар, авторлардың осы Шарт бойынша немесе Берн конвенциясы бойынша өз құқықтарын жүзеге асырумен байланысты пайдаланылатын және олардың туындыларына қатысты әрекеттерді шектейтін, авторлар рұқсат етпеген немесе оларға заң бойынша жол берілмейтін бар техникалық құралдарды пайдаланудан тиісті құқықтық қорғауды және құқықтық қорғаудың тиімді шараларын қарастырады.

12-бап

Құқықтарды басқару туралы ақпаратқа қатысты міндеттемелер

(1) Уағдаласушы Тараптар, мына іс-әрекеттердің кез келгенін:

(i) құқықтарды басқару туралы кез келген электрондық ақпаратты рұқсатсыз жоюды немесе өзгертуді;

(ii) туындыларды немесе туындылардың даналарын, оларда құқықтарды қорғау туралы электрондық ақпараттың рұқсатсыз жойылғанын немесе өзгертілгенін біле тұра туындыларды немесе туындылардың даналарын рұқсатсыз таратуды, тарату мақсатында импорттауды, эфирге беруді немесе жалпы жұрттың назарына жариялауды, мұндай әрекет осы Шартта немесе Берн конвенциясында көзделген кез келген құқықтың бұзылуына ниеттендіретінін, оған мүмкіндік беретінін, ықпал ететінін немесе жасыратынын біле тұра, немесе қорғаудың азаматтық-құқықтық құралдарын қолдануымен байланысты білуге жеткілікті негіздемесі бола тұра, әдейілеп жүзеге асыратын кез келген тұлғаға қатысты құқықтық қорғаудың тиісті және тиімді шараларын қарастырады.

(2) "Құқықтарды басқару туралы ақпарат" осы баптың мағынасында, бұл ақпараттың кез келген элементтерін туындының данасына қоса берілген немесе туындыны жалпы жұрттың назарына хабарлауға байланысты пайда болатын жағдайларда, туындыны туындының авторын, туындыға немесе туындыны пайдаланудың шарттары туралы ақпаратқа қандай да бір құқық иеленушісін және осындай ақпарат ұсынылған кез келген сандарды немесе кодтарды теңдестіретін ақпаратты білдіреді.

13-бап

Қолдану уақыты

Уағдаласушы Тараптар Берн конвенциясының 18-бабының ережелерін осы Шартта көзделген қорғаудың барлық түрлеріне қатысты қолданады.

14-бап

Құқықтарды қамтамасыз ету жөніндегі ережелер

(1) Уағдаласушы Тараптар өздерінің құқықтық жүйелеріне сәйкес, осы Шарттың қолданылуын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

(2) Уағдаласушы Тараптар, өздерінің заңдарында бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шұғыл шаралар мен одан әрі бұзушылықтардан ұстап тұратын амал болып табылатын шараларды қоса алғанда, осы Шартта көзделген кез келген құқық бұзушылық әрекетіне қарсы тиімді іс-қимылдарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтарды қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың көзделуін қамтамасыз етеді.

15-бап

Ассамблея

(1)(a) Уағдаласушы Тараптар Ассамблеяны құрады.

(b) Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысына орынбасарлары, кеңесшілері және сарапшылары болуы мүмкін бір делегат өкілдік ете алады.

(c) Әрбір делегацияның шығындарын оны тағайындаған Уағдаласушы Тарап көтереді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының қалыптасқан тәжірибесіне сәйкес, дамушы елдер ретінде қаралатын немесе нарықтық экономикаға өту үрдісіндегі ел болып табылатын Уағдаласушы Тараптардың делегацияларының қатысуына себепші болу үшін Ассамблея Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымынан (бұдан әрі - ДЗМҰ) қаржылай көмек көрсетуді сұрай алады.

(2)(a) Ассамблея осы Шартты сақтауға, дамытуға, қолдануға және оның жұмыс істеуіне қатысты мәселелерді қарайды.

(b) Ассамблея 17(2)-бап бойынша кейбір үкіметаралық ұйымдардың осы Шартқа қатысуына рұқсат етуге қатысты өзіне жүктелген міндетті жүзеге асырады.

(c) Ассамблея осы Шартты қайта қарау үшін кез келген дипломатиялық конференцияны шақыру туралы шешім қабылдайды және осындай дипломатиялық конференцияны дайындау жөнінде ДЗМҰ-ның Бас директорына қажетті нұсқаулар б е р е д і .

(3)(a) Мемлекет болып табылатын Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы бір дауысқа ие және тек өз атынан ғана дауыс береді.

(b) Үкіметаралық ұйым болып табылатын кез келген Уағдаласушы Тарап осы

Шарттың тараптары болып табылатын осындай ұйымға мүше- мемлекеттердің санына тең дауыс санымен, мұндай ұйымға мүше- мемлекеттердің орнына дауыс беруге қатыса алады. Осындай кез келген үкіметаралық ұйым, егер осындай ұйымға кез келген мүше-мемлекеттер өздерінің дауыс беру құқығын пайдаланса, дауыс беруге қ а т ы с п а й д ы және к е р і с і н ш е .

(4) Ассамблея екі жылда бір рет ДЗМҰ-ның Бас директоры шақыратын кезекті с е с с и я ғ а ж и н а л а д ы .

(5) Ассамблея өзінің рәсімдеу тәртібін, оның ішінде кезектен тыс сессияларды шақыруға қатысты, кворумның талаптарына және, осы Шарттың ережелерін ескере отырып, әртүрлі шешімдерді қабылдау үшін талап етілетін көпшілікке қатысты қабылдайды.

16-бап

Халықаралық бюро

ДЗМҰ-ның халықаралық бюросы Шартқа орай әкімшілік функцияларын орындайды.

17-бап

Шартқа қатысу құқығы

(1) Кез келген ДЗМҰ-ға мүше-мемлекет осы Шарттың қатысушысы бола алады.

(2) Ассамблея осы шартпен реттелетін мәселелер бойынша құзыретті екендігін және барлық осындай ұйымға мүше мемлекеттер үшін міндетті жеке нормативтік базасы барын және оның өзінің ішкі рәсімдеріне сәйкес осы Шартқа қатысушы болуға лайықты түрде өкілеттендірілгенін мәлімдейтін кез келген үкіметаралық ұйымға, осы Шартқа қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдай алады.

(3) Еуропалық қауымдастық, жоғарыдағы тармақта аталған мәлімдемені жасап, осы Шартты қабылдаған Дипломатиялық конференцияда бұл Шарттың мүшесі бола алады.

18-бап

Шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелер

Егер осы Шарт өзге туралы қандай да бір арнайы ережені қамтымаса, Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы осы Шарт бойынша барлық құқықтарды пайдаланады және барлық міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

19-бап

Шартқа қол қою

Осы Шарт ДЗМУ-ның кез келген мүше-мемлекеті мен Еуропалық қауымдастық үшін қол қоюға 1997 жылғы 31 желтоқсанға дейін ашық.

20-бап

Шарттың күшіне енуі

Осы Шарт 30 мемлекеттің бекіту немесе сақтауға қосылу туралы құжаттарды ДЗМУ-ның Бас директорына тапсырғаннан кейін үш айдан соң күшіне енеді.

21-бап

Шартқа қатысудың басталу мерзімі

(1) О с ы Ш а р т :

- (i) осы Шарт күшіне енген күнінен бастап 20-бапта көрсетілген 30 мемлекет үшін;
- (ii) басқа мемлекеттердің әрқайсысы үшін, осы мемлекет өз құжатын ДЗМУ-ның Бас директорына тапсырған күннен бастап үш айдан кейін;
- (iii) Еуропалық қауымдастық үшін - бекіту немесе қосылу туралы құжат сақтауға берілген күннен бастап үш айдан кейін, егер осындай құжат осы Шарт 20-бапқа сәйкес күшіне енгеннен кейін өткізілсе немесе осындай құжат осы Шарт күшіне енгенге дейін сақтауға берілген болса, осы Шарт күшіне енгеннен кейінгі үш айдан соң;
- (iv) осы Шартқа қатысуға рұқсат алған кез келген үкіметаралық ұйым үшін - оның қосылуы туралы құжаты сақтауға берілгеннен кейін үш айдан соң міндетті болып табылады.

22-бап

Шартқа ескертпелерге жол бермеу

Осы Шартқа ешқандай ескертпелерге жол берілмейді.

23-бап

Шартты бұзу

Кез келген Уағдаласушы Тарап ДЗМУ-ның Бас директорына жолдаған хабарлама арқылы осы Шартты бұза алады. Кез келген денонсация ДЗМУ-дың Бас директоры хабарламаны алған күннен бастап бір жылдан кейін күшіне енеді.

24-бап

Шарттың тілдері

(1) Осы Шарттың орыс, ағылшын, араб, испан, қытай және француз тілдеріндегі бір данасына қол қойылады, бұл орайда осы тілдердегі мәтіндердің барлығы түпнұсқалық

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

(2)(1)-тармақта аталғандардан басқа кез келген тілдегі ресми мәтінді мүдделі тараптардың өтініші бойынша және барлық мүдделі тараптармен кеңесуден кейін ДЗМҰ-ның Бас директоры бекітеді. Осы тармақтың мақсаттары үшін "мүдделі тарап" дегеніміз ресми тілі немесе ресми тілдерінің бірі өтініш нысанасы болып табылатын, ДЗМҰ-ның кез келген мүше-мемлекетін, сондай-ақ Еуропалық қауымдастықты және оның ресми тілдерінің бірі өтініш нысанасы болса, осы Шартқа қатысушы бола алатын басқа кез келген үкіметаралық ұйымды білдіреді.

25-бап

Депозитарий

ДЗМҰ-ның Бас директоры осы Шарттың депозитарийі болып табылады.

ДЗМҰ-ның авторлық құқық жөніндегі шартына қатысты келісілген мәлімдемелер 1(4)-бапқа қатысты

Қайта шығаруға құқық Берн конвенциясының 9-бабында белгіленгендей және осы баппен рұқсат етілетін айрықшалықтар цифрлік ортада және, атап айтқанда, туындыларды цифрлік ортада пайдалануға қатысты толық қолданылады. Қорғалатын туындыны электрондық құралда цифрлік нысанда сақтау Берн конвенциясының 9-бабындағы мағынада қайта шығару болып табылатыны түсініледі.

3-бапқа қатысты

Осы Шарттың 3-бабын қолдану кезінде Берн конвенциясының 2-6-баптарындағы " Одаққа мүше ел" деген сөздер осы Шартпен берілетін қорғауға қатысты осы Берн баптарын қолдану кезіндегі осы Шарттың Уағдаласушы Тарапы ретінде түсініледі. Сондай-ақ, Берн конвенциясының осы баптарындағы "Одаққа кірмейтін ел" деген сөздер дәл сол жағдайларда бұл Шарттың Уағдаласушы Тарапы болып табылмайтын ел ретінде және Берн конвенциясының 2(8), 2bis(2), 3, 4 және 5-баптарындағы "осы Конвенция" Берн конвенциясы мен осы Шарт ретінде түсініледі. Соңында, Берн конвенциясының 3-6-баптарындағы "Одаққа мүше елдердің бірінің азаматы" деп көрсету осы баптарды осы Шартқа қатысты қолдану кезінде осы Шарттың Уағдаласушы Тарапы болып табылатын үкіметаралық ұйымға қатысты осы ұйымға мүше-елдердің бірінің азаматы екені ұғындырылады.

4-бапқа қатысты

Осы Шарттың 4-бабы бойынша компьютерлік бағдарламаларды қорғау көлемі 2-баппен біріктіріліп оқыған кезде Берн конвенциясының 2-бабына, сонымен қатар ТРИПС-ЗМҚСА келісімінің тиісті ережелеріне сәйкес келеді.

5-бапқа қатысты

Осы Шарттың 5-бабы бойынша деректердің (дерекқорлардың) компиляцияларын қорғау көлемі 2-баппен біріктіріліп оқыған кезде Берн конвенциясының 2-бабына, сонымен қатар ТРИПС-ЗМҚСА келісімінің тиісті ережелеріне сәйкес келеді.

6 және 7-баптарға қатысты

"Даналар" және "түпнұсқа және даналар" деген сөздер осы баптардың мағынасында аталған баптар бойынша тарату және жалға беру құқығының, нысанасы бола отырып, тек қана тіркелген материалдық заттар түрінде айналымға шығарылуы мүмкін даналарға қатысты.

7-бапқа қатысты

7(1)-бап бойынша міндеттеме Уағдаласушы Тараптан осы Уағдаласушы Тараптың заңнамасы бойынша фонограммаларға қатысты құқықтар берілмейтін авторларға қатысты коммерциялық жалға айрықша құқығын көздеуді талап етпейтіні түсініледі. Осы міндеттеме ТРИПС-ЗМҚСА келісімінің 14(4)-бабына сәйкес келеді деп түсініледі.

8-бапқа қатысты

Хабарлауды жасауға мүмкіндік беретін немесе оны жүзеге асыратын физикалық құралдарды жай ғана беру осы Шарттың немесе Берн конвенциясының мағынасында өздігінен хабарлау болып табылмайтыны түсініледі. Бұдан әрі, 8-бапта Уағдаласушы тарапқа 11bis(2)-бапты қолдануға ешнәрсе кедергі жасамайтыны түсініледі.

10-бапқа қатысты

10-баптың ережелері Уағдаласушы Тараптарға өздерінің ұлттық заңнамаларында Берн конвенциясы бойынша қолдануға мүмкін болып саналатын шектеулер мен айрықшалықтарды цифрлік ортаға ауыстыруға және тиісті жолмен таратуға мүмкіндік беретіні түсініледі. Осыған ұқсас жолмен осы ережелер Уағдаласушы Тараптарға цифрлік компьютерлік желілер ортасында қолдануға қолайлы жаңа айрықшалықтар мен шектеулерді белгілеуге мүмкіндік беретіндей болып түсінілуі тиіс.

Сондай-ақ 10(2)-бап Берн конвенциясы рұқсат ететін шектеулер мен айрықшалықтарды қолдану аясын шектемейтіні және кеңейтпейтіні түсініледі.

12-бапқа қатысты

"Осы Шартта немесе Берн конвенциясында көзделген кез келген құқықтың бұзылуына" деп көрсету айрықша құқықты, сондай-ақ сыйақы алу құқығын да қ а м т и т ы н ы т ү с і н і л е д і .

Бұдан әрі Уағдаласушы тараптар құқықтарды басқару жүйесін белгілеу немесе оны қолдану кезінде осы Бапты негізге алмайтыны түсініледі, оның нәтижесінде тауарлардың еркін қозғалысына тыйым салатын немесе осы Шарт бойынша құқықтарды пайдалануға кедергі келтіретін, Берн конвенциясы немесе осы Шарт бойынша жол берілмейтін формалдылықтар енгізілетіндей болар еді.

[Соңы]